

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 973 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостері, 1993 ж., N 2, 32-құжат; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостері, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) барлық мәтін бойынша "әскери қызмет", "әскери қызметті", "әскери қызметтен", "әскери қызметке" деген сөздер тиісінше "әскери қызмет", "әскери қызметті", "әскери қызметтен", "әскери қызметке" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) барлық мәтін бойынша "әскери жиын", "әскери жиындардың" деген сөздер тиісінше "әскери жиын", "әскери жиындардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Әскери қызметшілер мәртебесі бар адамдар.

Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мемлекеттік әскери қызметте тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметшілер болып т а б ы л а д ы .

Оларға әскерге шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызмет ескеретін әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери жиындарға шақыру кезеңінде әскери міндеттілер жатады.

Азамат әскери қызметке белгіленген (шақырылған, кіріскен) күннен бастап әскери қызметші мәртебесіне ие болады және одан босатылуына байланысты әскери бөлімнің тізімінен шығарылған күннен бастап айырылады.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау уақытындағы әскери қызметші мәртебесінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттармен белгіленеді.

Әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген, олардың жеке басын және азаматтығын куәландыратын құжаттар, сондай-ақ олардың мәртебесін куәландыратын құжаттар беріледі.

Әскери қызметшінің мәртебесін куәландыратын құжат әскери қызметшілер әскери қызмет өткеретін Қазақстан Республикасы тиісті мемлекеттік органдарының бірінші басшылары белгілеген тәртіппен беріледі.

Тұтқында, кепілге алынған немесе еркінен айрылған адам жағдайында жүрген әскери қызметшілердің әскери қызметшілер мәртебесі сақталады. Әскери қолбасшылық және оған уәкілетті басқа да мемлекеттік органдар халықаралық құқық нормаларына сәйкес көрсетілген әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.";

4) мынадай редакциядағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Әскери қызметшілердің отбасы мүшелері және әскери қызметтен босатылған адамдар

Әскери қызметшінің отбасы мүшелері мыналар болып табылады:

- 1) зайыбы (жұбайы);
- 2) кәмелетке толмаған балалары;
- 3) олар 18 жасқа жеткенге дейін мүгедек болып қалған 18 жастан үлкен балалары;
- 4) күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын 23 жасқа дейінгі жастағы балалары;
- 5) ата-анасы, зайыбының (жұбайының) ата-анасы;
- 6) оның асырауындағы немесе асырап алған адамдар.

Әскери қызметшілердің және әскери қызмет өткеру кезінде қаза тапқан, қайтыс болған, хабарсыз кеткен немесе мүгедек болған әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне, әскери қызметтен босатылған адамдарға осы Заңның нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінен әскери қызметтен босатылған және басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға қоныс аударған Қазақстан Республикасы азаматтарының мәртебесі мемлекетаралық келісімдермен айқындалады. Егер Қазақстан

Республикасымен бекітілген халықаралық шарттармен өзгелер ескерілмесе, басқа мемлекеттердің армиясында әскери қызмет өткеретін Қазақстан Республикасының азаматтарына осы Заң қолданылмайды.";

5) 2 - б а п т а :

бесінші бөліктегі "соғыс уақытының заңдарымен және төтенше жағдай режимі туралы заңмен" деген сөздер "заңнама кесімдерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 3-бап алынып тасталсын;

7) 4 - б а п т а :

тақырыбында "әскери қызметшілерді" деген сөздерден кейін "және олардың отбасы мүшелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөліктегі "әскери қызметшілерді" деген сөздерден кейін "және олардың отбасы мүшелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 6-баптағы "өзге де рұқсат берілмеген наразылық әрекеттерін" деген сөздер "митингілер, шерулер мен демонстрациялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Еңбек ету еркіндігі құқығын іске асыру, қызмет пен мамандықты еркін таңдау.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтің әскери қызметшілері мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) әйелдеріне (күйеулеріне) мамандығы бойынша еңбекке орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде бірге тұрған кезеңі жасына зейнетақы тағайындау үшін қажетті жұмыс өтіліне қосылады және осы кезеңде оларға заңнама кесімдерімен белгіленген ең аз жалақы мөлшерінде ай сайынғы жәрдемақы төленеді. Аталған жергілікті жерлердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

бесінші бөліктегі "мерзімді қызмет атқаратын" деген сөздер алынып тасталсын;

1 0) 9 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтің әскери қызметшілері мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) апта сайынғы қызмет уақытының жалпы ұзақтығы заңнамамен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан аспауға тиіс, ал мерзімді қызметтің әскери қызметшілері үшін әскери жарғылардың талаптарына с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы . " ;

төртінші бөліктегі "негізгі" деген сөз алынып тасталсын;

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілерге (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) адъюнктураға, әскери докторантураға, жоғары оқу орындарына дайындалу және қабылдау емтихандарын

тапсыру үшін, ал сырттай оқу нысаны бойынша оқытындарға белгіленген сессияға, сынақ-емтихан сессиясына және мемлекеттік емтихандарды тапсыруға қатысқан кезеңде сессия ұзақтығына тең, бірақ бір күнтізбелік жыл ішінде қырық күнтізбелік күннен аспайтын ұзақтықта оқу демалыстары беріледі. Ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесіне ізденуші болып табылатын әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шығармашылық демалыстары беріледі." ;

он бірінші бөліктегі "жұбайы (зайыбы)" деген сөздер "әскери қызметші" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай редакциядағы он екінші және он үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жауынгерлік іс-қимылдарға немесе бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауға қатысқан әскери қызметшілерге осындай қатысудан кейін ұзақтығы он тәулік жыл сайынғы қосымша демалыс беріледі.

Әскери қызметшілерге заңнамамен ұсынылатын демалыстардың барлық түрлері ақылы болып табылады." ;

1 1) 1 0 - б а п т а :

екінші бөліктегі "үстемеақыны" деген сөздерден кейін ", қосымша өтемақы төлемдерін" деген сөздермен толықтырылсын ;

төртінші бөлік алынып тасталсын ;

жетінші бөліктегі "инженерлік құрамның" деген сөздер "инженерлік-техникалық құрамның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

он бірінші бөліктегі "оларға киім-кешек орнына" деген сөздерден кейін "олар әскери қызмет өткеретін мемлекеттік органдардың бірінші басшылары белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы он екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтің әскери қызметшілері мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жыл сайынғы еңбек демалысына кеткен кезде оларға олар әскери қызмет өткеретін мемлекеттік органдардың бірінші басшылары белгілеген тәртіппен екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді." ;

1 2) 1 1 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "қолданылып жүрген" деген сөздер алынып тасталсын ; үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын :

"Мемлекет әскери қызметшілерге оны жекешелендіру процесінде мемлекеттік меншіктен үлес алуға кепілдік береді." ;

1 3) 1 2 - б а п т а :

үшінші бөліктегі "үш жыл" деген сөздер "екі жыл" деген сөздермен ауыстырылсын, "жасы бойынша" деген сөздер "әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен кезде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

сегізінші бөліктегі:

"Әскери қызметтен босатылғаннан кейін" деген сөздер алынып тасталсын;

"Әскери қызметтен" деген сөздерден кейін "әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен, сондай-ақ денсаулық жағдайы немесе штат қысқартылуы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы бөлік алынып тасталсын;

14) 13 - бапта:

сегізінші бөліктегі "жасына" деген сөздер "әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 14 - бапта:

сегіз-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер қаза (өлім), жаралану, контузия, жарақат алу, мертігу адамның заңға қайшы іс-әрекетінен немесе алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас болу немесе бір жолғы өтемақы алу немесе әскери қызметтен жалтару мақсатымен өзіне қандай да бір жарақат түсіру (денесіне зиян келтіру) немесе өз денсаулығына өзгедей зиян келтіру себебінен болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, бір жолғы өтемақы төленбейді.";

16) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілердің әскери (арнаулы) оқу орындарында оқуға құқығы бар.

Әскери қызметшілер қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқиды.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтің әскери қызметшілері мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) өздері әскери қызметтен өтетін құрылымында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бөлімдері мен мекемелерінің командирлерінің (бастықтарының) келісімімен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сессияларды және қорытынды емтихандарды тапсыру үшін оқу демалыстарын бере отырып, орта кәсіби, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби және қосымша кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарында оқудың сырттай түрінде оқуға рұқсат етіледі;"

17) 17 - бапта:

бірінші бөліктегі "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына" деген сөздер "әскери қызмет өткеру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік алынып тасталсын;

7-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шақыру бойынша әскери қызметті өткерген адамдардың өздері әскерге шақырылған нақ сол ұйымға жұмысқа қабылдану кезінде басым құқығы бар;"

"мемлекеттік, әскери және қызметтік құпияның" деген сөздер "мемлекеттік құпиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік құпиялардың ашылуына" деген сөздерден кейін "немесе жоғалуына" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Әскери қызметшілердің жауапкершілігі.

1. Әскери қызметшіге оған жүктелген міндеттерді орындамағаны және тиісті орындамағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны, лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік, әскери және еңбек тәртібін бұзғаны үшін, ал осы Заңда белгіленген әскери қызметте болумен байланысты шектеулерді сақтамағаны үшін әскери қызметшіге мынадай тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) е с к е р т у ;

2) с ө г і с ;

3) қ а т а ң с ө г і с ;

4) қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту;

5) лауазымын төмендету;

6) әскери атағын төмендету;

7) әскери қызметтен босату.

2 . Т ә р т і п т і к ж а з а :

1) лауазымдық өкілеттілігіне сәйкес осындай құқығы бар адамдармен қолданылады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге де жауапкершілік көзделген іс-әрекет жасағаны үшін қолданылмайды.

3. Тәртіптік теріс қылыққа жол берген әскери қызметшіні, оны тағайындаған басшы белгіленген тәртіппен жауапкершілік туралы мәселесі шешкенге дейін қызметтік міндеттерін орындаудан уақытша шеттетуі мүмкін.

4. Әскери қызметші өз әрекетінің заңсыздығына жауапты болады. Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күдіктенген кезде ол бұл туралы өзінің тікелей басшысына және өкімді берген басшыға дереу хабарлауы тиіс. Егер лауазымы бойынша жоғары тұрған басшы осы өкімді растайтын болса, әскери қызметші, егер оны орындау қылмыстық жазаланатын әрекетке жататын іс-қимылға ұшыратпайтын болса, о н ы о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і .

5. Әскери қызметшілер, олар қылмыс және өзге де құқық бұзушылық жасаған жағдайда тиісінше Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген негіздерде және тәртіппен қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауапкершілікте болады.

6. Тәртіптік жазалар әскери қызметшілерге әскери жарғылармен белгіленген тәртіппен қолданылады.";

20) мынадай мазмұндағы 25-баппен толықтырылсын:

"25-бап. Тәртіптік жазалар қолдану мерзімдері.

1. Тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және теріс қылық жасалған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданылмайды.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін қолданылмайды.

3. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, бірақ адамның іс-әрекетінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының немесе тәртіптік теріс қылықтың белгілері болған кезде тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

4. Тәртіптік жазаны қолдану мерзімі оны қолданған күннен бастап алты айдан аспауы тиіс. Егер осы мерзім ішінде әскери қызметші жаңа тәртіптік жазаға ұшырамаған болса, онда ол тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

5. Тәртіптік жазаны, егер жаза өз тәрбиелік рөлін атқарған және әскери қызметші әскери тәртіпті жаңадан бұзбаған болса, көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін тәртіптік жазаны қолданған адам алып тастау мүмкін.";

21) мынадай мазмұндағы 26-баппен толықтырылсын:

"26-бап. Әскери қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тартқан кезде олардың құқықтарының кепілдіктері.

1. Әскери қызметші, оны тәртіптік жауапкершілікке тартумен байланысты барлық материалдармен танысуы тиіс.

2. Мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның іс-әрекеті мен шешіміне жауапкершілікке тартылатын әскери қызметшілер әскери жарғыларда белгіленген тәртіппен немесе сотқа шағым жасауы мүмкін."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті